

АКАДЕМИК ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІНІҢ
75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ШЫҒЫСТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
2 желтоқсан 2022 жыл

MATERIALS
of international scientific and theoretical conference
«ISSUES OF ORIENTAL STUDIES
and SPIRITUALITY»
75th ANNIVERSARY OF ACADEMICIAN
ABSATTAR DERBISALI
December 2, 2022

УДК 28
ББК 86.38
А 33

РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН:

Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректоры

Құрастырушылар:

Ем Н.Б., Жақыбаева С.Т., Жұмажанова Ф.Т.

А 33 **Академик Әбсаттар Дербісәлінің 75 жылдығына арналған «Шығыстану және руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.** – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 548 б.
ISBN 978-601-04-6090-4

Бұл жинаққа ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің туғанына 75 және мемлекет, қоғам және дін қайраткері ретіндегі қызметіне 50 жыл толуына арналған «Шығыстану және руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары енген. Жинаққа енген мақалалар Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің өмірі мен шығармашылығына арналған естеліктер мен шығыстану ғылымының тіл, тарих, әдебиет, саясат, экономика, мәдениет, аударма мәселесі, дін және т.б. салаларын қамтиды.

Конференция материалдары жалпы қауымға және отандық шығыстану ғылымы мен тарихына қызығушылық танытатын ізденушілерге арналған.

**УДК 28
ББК 86.38**

АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ "ДАНА ХИКАР СӨЗІНДЕГІ" ДӘСТҮРЛІ СӨЗ (МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР) ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ.

Аңдатпа. Орта ғасырдағы қыпшақ тіліндегі ескерткіштер тарихи-әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты әр заманда әр жерде, әртүрлі әліпбимен қағазға түскен. Мақалада армян жазулы қыпшақ ескерткіші "Дана хикар сөзіндегі" дәстүрлі сөз (мақал-мәтелдер) қолданысының қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі талданып, берілген. Орта ғасырда дана халқымыз қолданған тәлім-тәрбие беретін нақыл сөздер бүгін де дәл сол қалпында қолданыста әрі заман талабына сай жауап бере алатын, өзекті екендігіне көз жеткіземіз. Мақаланы жазу барысында армян жазулы қыпшақ ескерткіші "Дана хикар сөзі" еңбегінің қазақ тіліне аударылған варианты мен түрік тіліндегі варианттары салыстырыла отырып талданып жазылды.

Кілт сөздер: Армян жазуы, қыпшақ ескерткіші, дәстүрлі сөздер, қазақ тілі, орта ғасыр.

Кіріспе. XI-XVII ғасырлар аралығында Қырым, Польша, Мажарстан, Подолия, Мысырда араб, латын, армян, словян, руна жазулары мен қағазға түскен қыпшақ (половец, куман) және печенег тілдеріндегі ескерткіштердің қазіргі түркі тілдерін зерттеуде таптырмас дереккөз екенін түрколог ғалымдарымыз атап көрсеткен болатын. Бұл ескерткіштердің қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне өте жақын екендігін, қазақ тілі тарихының ерте дәуірін зерттеуде қыпшақ ескерткіштерінің алатын орнының ерекше екендігі ғалымдар тарапынан дәлелденген мәселе.

Отандық және шетелдік түркологияда "армян қыпшақтары" деп аталатын XVI-XVII ғасырларда қазіргі Украина, Молдовия, Руминия жерлерінде қауым болып өмір сүрген, христиан дінінің армян-григориан бағытын ұстанып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топ. Олардың армян әліпбиімен жазып қалдырған ескерткіштері "армян-қыпшақ жазба ескерткіштер" деп аталып бізге жеткен.

Орта ғасырдағы түркі ескерткіштерінің мол мұрасының бір бөлшегі болып саналатын "армян-қыпшақ" жазба ескерткіштерінен бізге жеткені XVI ғасырдың 20 жылдары мен XVII ғасырдың аяғы аралығында жазылғандары. Ғалымдар оларды жанры мен стилі жағынан мынадай топтарға бөледі:

- 1) тарихи хроникалар (жылнамалар);
- 2) заң және іс жүргізуге қатысты документтер;
- 3) филологиялық еңбектер;
- 4) әртүрлі діни еңбектер, дұғалықтар;
- 5) көркем шығарма.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері жайында көптеген еңбектер бар.

"Дана Хикар сөзі" – армян жазуымен жеткен қыпшақ тіліндегі мұралардың ішіндегі көркем-дидактикалық жанрда жазылған шығарма. Қолжазба Австрияда Вена кітапханасында сақтаулы. "Дана Хикар сөзінің" қай жерде, қашан жазылғанын, кімнің жазғаны жайында дерек жоқ.

"Дана Хикар сөзінің" қыпшақ тіліндегі нұсқасын зерттеушілердің бірсыпырасы көне армян тілінен аударылған деп қараса, Э.Севортян сияқты ғалымдар бұл шығарманы ескі қыпшақ әдеби тілінің үлгісінде жазылған деп қарайды. Шын мәнінде "Дана Хикар сөзінен" орта ғасыр жазба ескерткіштері мен қазақ әдебиетінің орта ғасыр шығармаларынан мол ұқсастықты көреміз. Және бұл ұқсастықтың кездейсоқ емес, жүйелі түрде келіп отырғандығын

байқаймыз. Әсіресе мақал-мәтелдерде бұл анық көрінеді. Орта ғасырда қолданылған мақал-мәтелдер күні бүгінге дейін мәнін де, мағынасын да жоғалтпай қолданылып келеді. Мысалы: "Дана Хикар сөзінде" "Көрік өтпелі, жақсы ат мәңгі қалады" сөз тіркесі Махмут Қашқари еңбегінде "Адам өтеді, игі аты қалады" мақалымен алдымызға шығады. Сондай-ақ, Хикар сөзіндегі "Тілінді жаман сөзден, көзінді жаман бағудан сақта; Егер дұшпаның бостандық сұрап аяғыңа жығылып келсе, жүрегіңмен күліп оны босат" өсиеті Махмут Қашқарида "Тілінді жаман сөзден сақта, жақсы сөзге үйрет" мәтел сөз болып кездеседі.

Талдау. Қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің де бізге ата-бабамыздан жеткен өсиет сөздер екендігіне дау жоқ. Осы орайда Армиян жазулы қыпшақ ескерткіші "Дана Хикар сөзі" еңбегі қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдердің бастау-көзі іспетті.

1.Оғлум сөв атаңны да анаңны да кі тоғурды сені де алмағайсың аларның харғы шын асра теңрінің да атаның ананың алғышы бір дір нечік ал, алай харшығы кі сен да сүвүнғайсен сенің оғланларыңдан. (Хикар)

«Ұлым, атаң мен анаңды сүй, олар саған өмір берді; олардың қарғысын алмағайсың, өйткені тәңірі мен ата-ананың алғысы бірдей; олардың қарғысын алмасаң, сен де өз балаларыңнан сүйініш табарсың» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов).

"Ата-анаң не істесең алдыңа сол келер" (Қазіргі қолданыста)

2.Оғлум йувухланма йаман у Һарсыв хатынға да пампасел ет қайлар да йма сені налатламағай да айлоламағай да ахчанні йегай аның кібіктан хач. (Хикар)

«Ұлым, жаман, арсыз әйелге жуыма, дәйім сені өсек қылар, қарғысқа ұшыратар, айыпты қылып ақшанды жер. Ол сияқтылардан қаш» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов).

"Әйелі жаманға жан жуымас" (Қазіргі қолданыста)

3.Оғлум түвүштан өгүттан айама оғлуңні түвүш алай дыр оғланға нечік бір һнойну йайғайсен бахчада дағы да не түрлү мөһур хазна үсна ол түрлү игі дір төвүш оғланға егар күнда і да 2 да төйах біла өгүтласа андан йуашланлыр да андан өлмас егар хойдуң өса. (Хикар)

«Ұлым, балаңды үгіт, кеңес пен ұрудан аяма, ұру балаға-бақшаға бір кең жайғандай және қазына үстіне мөр басқандай игі іс, егер күнде бір-екі рет таяқпен тәрбиелесе одан өлмес, жуасыр» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Баланы жастан, Әйелді бастан" (Қазіргі қолданыста)

4.Оғлум хайсікі алтын йуаук сенің дүгүл аны бархыңа хойма да хайсі тон опрах сенің дүгүл аны кійма да ол ат хайсі кі сенің дүгүл атланма кі күшткү болмағайсен. (Хикар)

«Ұлым, ол алтын жүзік өзіңдікі болмаса – саусағыңа салма, ол киім-кешек өзіңдікі болмаса – оны киме, ол ат өзіңдікі болмаса – мінбе, күлкі болмағайсың» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Адамның ала жібін аттама" (Қазіргі қолданыста)

5.Оғлум егар өвүң бійік узун еса 7 хулач бойуңну егіп кір. (Хикар)

«Ұлым, егер үйің биік, ұзын болса да жеткі құлаш бойынды иіп кір. (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Ұлық болсаң, кішік бол" (Қазіргі қолданыста)

6.Оғлум оғланлар у мал теңрінің бермехі дыр евет кі ходжа йарлыланыр да йарлы ходжаланыр да ашахланған бійікланір да бійікланған ашехланыр. (Хикар)

«Ұлым, балалар мен мал тәңіріңнің бермегі, сондықтан да бай кедейленер, жарлы байыр, төмендегі биікке көтерілер де биіктеген төмендер» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Жарлы байымай ма, Жалғыз көбеймей ме"(Қазіргі қолданыста)

7.Оғлум йахшірах тіркі атыңны дайма йахші чыхарғайсен йох еса кі сен сені көркайткайсен тонлар білә көрк кечөвлү дыр йох еса йахші ат халыр меңгі. (Хикар)

«Ұлым, өзіңді киім киіп көрсеткеннен де дәйім жақсы атыңды шығарғаның жақсырақ, көрік кетер, жақсы ат мәңгі қалар» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Жақсының өзі өшседе, сөзі өшпейді" (Қазіргі қолданыста)

8.Оғлум һеч немәгә күлмә ол кулмахтан талаш болур да ол уруштан өлум болур. (Хикар)

«Ұлым, еш нәрсеге күлме, ол күлкіден талас болар, ұрыстан өлім болар» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Күлкі арсыз" (Қазіргі қолданыста)

9. Оғлум йалған сөзді йалғанчілх алай ағыр нечік хорғашін аз күндан соңра йоғары мінәр нечік терәкнің йапрахы. (Хикар)

«Ұлым, жалған сөз бен жалғаншылық қорғасын сияқты ауыр болғанымен, аз күннен соң теректің жапырағындай, қалқап жоғары шығар» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Өтірік өрге баспайды" (Қазіргі қолданыста)

10. Оғлум егар душманың келсә айахыңа бошатылылх холма бошат аңар да йүракің білә күл да тенің білә фараһлан да йопсун аны. (Хикар)

«Ұлым, егер дұшпаның кешірім сұрап аяғыңа жығылып қалса, оған пейіліңмен күл, тәніңмен жадыра да онымен мақұлда, кешір» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Алдыңы келсе атаңның құнын кеш" (Қазіргі қолданыста)

11. Оғлум хайда сені үндәмәселәр һөрмәтләп анда бөрмә да кім еса сендән сөз сормаса анда джуап бермә да ол ахын сув кі бек бузлам ійір анча да базып йүрүма айахың білә болмағай кім вахытсыз тас болмағайсен. (Хикар)

«Ұлым, құрметтеп шақырмаған жерге барма, біреу сөз сұрамаса жауап берме, ағын су қатты мұз боп қатпайынша аяғыңмен жүрме – мезгілсіз жоқ мерт болғайсың» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Шақырмаған жерге барма, Шақырған жерден қалма" (Қазіргі қолданыста)

12. Оғлум ічкілі болсаң сахла тіліңні көп сөзламахтан саңа йахші болур да услу үндәлірсен. (Хикар)

«Ұлым, ішкілі, шарап ішкен болсаң тіліңді көп сөйлеуден сақта, саған жақсы болар да ақылды атанарсың» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Аз сөйлеп, көп тыңда" (Қазіргі қолданыста)

13. «Ұлым, жақсылық еткен жақсылыққа жолығар, жамандық еткен жамандыққа жолығар» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Жақсылық жақсылықпен қайтар, Жамандық жамандықпен қайтар" (Қазіргі қолданыста)

14. Оғлум хынам хослух етма зерә кі йахшілх у тірлік у мал теңрідан дір да йарлылх келді есе арада йүрүгенні сөкерлар. (Хикар)

«Ұлым, үйленетіндерге делдалдық етпе, өйткені жақсылық та, тірлік те, мал да тәңірден жоқшылық келсе арада жүргенді сөгер» (қазақша аудармасы С.Ж. Құдасов)

"Екі адамның ортасына есі кеткен түседі" (Қазіргі қолданыста)

Қорытынды. Қорыта келе айтарымыз арада қанша ғасырлар өтсе де тілдің, тілдегі қалыптасқан сөз тіркестерінің өлмей, өшпей жасай беретіндігі. Халық даналығы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, мән-мағынасын жоғалтпай халық барда қолданыстан қалмайды. Оны біз осы өзіміз зерделеген орта ғасыр мәтіндерінен көріп отырмыз. Шын мәнінде армян жазулы қыпшақ ескерткіші "Дана хикар сөзі" бүгін де өз маңызын, өзектілігін жоймаған шығарма.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Ж.Құдасов, Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері "Дана Хикар сөзінің" тілі, Алматы: Қазақ ССР-інің "Ғылым" баспасы, 1990ж.
2. Қалижанов У.Қ. т.б., Жинақ, Көне түркі әдебиетінің типологиясы, Алматы, 2014.
3. Әдеби жәдігерлер 2,3,4 том, Таймас баспа үйі, Алматы, 2007.
4. Әдеби жәдігерлер 1 том, Таймас баспа үйі, Алматы, 2007.
5. Н.Б.Ақыш, Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2010, Алматы 2011.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

АКАДЕМИК ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІ – ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ТӘЖІРИБЕЛІ ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАЙРАТКЕРІ АКАДЕМИК АБСАТТАР ДЕРБИСАЛИ: ВЕЛИКИЙ ПЕДАГОГ, ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ОПЫТНЫЙ ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ, ОБЩЕСТВЕННЫЙ И РЕЛИГИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

<i>Түймебаев Ж.Қ.</i> Шығыстану мектебін қалыптастырған қайраткер	3
<i>Дербісәлиева Р.</i> Бір өзі бірнеше ғылыми мекеменің жұмысын атқарды	6
<i>Оразбай А.Т.</i> Профессор Әбсаттар қажы Дербісәлінің егемен еліміздің шығыстану ғылымын қалыптастырудағы және руханиятын дамытудағы тарихи рөлі туралы	11
<i>Лама Шариғ Қ.Қ.</i> Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы	14
<i>Қалекенов Е.</i> Ұлағатты ұстаз, қазақ арабистикасының атасы, ғалым, қоғам қайраткері	16
<i>Исағалиев А.Қ.</i> Ұлағатты ұстазым	18
<i>Өтпенев Н.Т.</i> Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Әбсаттар қажы Дербісәлі хазірет	20
<i>Дәдебайұлы Ж.</i> Қазірет мүфти шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі	22
<i>Жеменей И.</i> Әбсаттар Дербісәлі және шығыстану	26
<i>Ісімақова А.С.</i> Әбу Насыр Әл-Фараби бастаған бабалар ғылыми мұрасының шырақшысы-профессор Әбсаттар Дербісәлі	31
<i>Авакова Р. А.</i> Ұлт руханияты жолындағы мағыналы ғұмыр	38
<i>Сурашев Н.Т.</i> Әбсаттардың балғын балалық шақтары	44
<i>Құлбарақ С. М.Х.</i> Дулатидің «жаһан наме» дастаны және академик Ә.Дербісәлі	50
<i>Сапарбай И.</i> Әбекем	54
<i>Атабай Б.А.</i> Ұстазымның әр сөзі бір ғибрат еді	57
<i>Алкебаева Д.А.</i> А. Дербісәлі – руханият жаршысы	62
<i>Калиева М.Ә.</i> Жан әкем	67
<i>Балтымова М.</i> Шығыстану ғылымының қазақ даласындағы шырағына көлеңке түсірмеген	72
<i>Хаван А.</i> Әбу Насыр әл – Фараби мұрасы – Ә. Дербісәлі зерттеулерінде	78
<i>Омарбекова Ж.Т.</i> Көрнекті шығыстанушы-ғалым А.Б. Дербісәлі ұстаздың араб тілді деректерді зерттеудегі методологиясы	85

ВОСТОЧНАЯ КУЛЬТУРА В ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЯЗЫК И КУЛЬТУРА СТРАН ВОСТОКА

<i>Надирова Г. Е.</i> Женщины-наставницы в религиозном контексте Марокко	92
<i>Aşır Özdemir Kültürlerin yakınlaşması ve gelişmesinde çevirinin rolü</i>	97
<i>Алжанбаева У.Т.</i> Араб түркі сөз алмасуының кейбір тарихи жағдайлары	101
<i>Боранбаева А. Ж., Қамбарбекова Ф. Ә.</i> Парсы тіліндегі діни мазмұндағы фразеологизмдер	104
<i>Кагазбаева Э.М., Бүркітбай Г.Ж.</i> Гендерные аспекты кочевого общества	111
<i>Ломова Е.А., Коваленко Е.С., Уюкбаева М.И.</i> Эстетика и поэтика Востока в лирике Б. Канапьянова	116
<i>Мен Д.В.</i> Сохраняя культуру и традиции, смотрим в будущее	121
<i>Мустафаева А.А., Жумажанова Ф.Т.</i> Әл-фараби трактаттарындағы ой-пікірлердің ұлттық дүниетаныммен сабақтастығы	129
<i>Набиев Р.А.</i> Культура межконфессионального сосуществования в контексте исторической памяти поволжских народов	134
<i>Телебаев Ғ.Т.</i> Ортағасырлық түркілік философиялық дәстүр Ұлы жібек жолында	139
<i>Ниномия Такаши.</i> Жапон тілі, қазақ тілі, қырғыз тілдерін кросс-мәдени прагматикалық зерттеуге байланысты деректерді жинау тәсілі	147
<i>Абдырақын Н.</i> Өлі және тірі әдебиет	150
<i>Қатбаева Г.К.</i> Қытай лингвистика ғылымындағы фразеологизмдердің орны	154
<i>Әбелдаев Ж. Ә.</i> Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романындағы ұлттық бірегейлік идеясы	159
<i>Оразова Р.К.</i> Ұлттық мәдениеттің туыстық атауларында көрініс табуы (араб және қазақ тілдері негізінде)	165
<i>Оразақынқызы Ф., Қалиолла А., Анипина А.К.</i> Ұлттық мінез және оның мақал-мәтелдердегі көрінісі (қытай және қазақ тілдері негізінде)	170
<i>Yembergenova D.</i> Truth and the best way to live from different perspectives	178

Мұратбек Г.М. Цветовая символика Южной Кореи в сопоставительном анализе со странами Китая, Японии, Северной Кореи	183
Қуатова Х.Р., Ашинова Ш.Е. Жапонияның цифрлық қоғамға өту факторлары мен болашағы.....	188
Рахимова Қ., Батырхан Б. Ирандық діни интеллектуалдар идеясы	192
Шарыпова А.С. Синхронный перевод в аспекте международных отношений.....	196
Шоинжанова М.Т. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудің маңыздылығы	199
Байчигашева Д.Д., Сауданбекова Ш.Т. Корей мәдени толқынының қазақ жастарына әсері.....	203
Жарбосынова Н.Д. Қазіргі пәкістан қоғамының мәдени өміріндегі мақал-мәтелдердің алатын орны.....	208
Ибраимова А.Р., Досымбекова Р. Ө. Қазақ және қытай тілдеріндегі әлеуметтік этикет мәселелері.....	214
Кадирханова М. “Гүлістан” шығармасында адамгершілік негіздерінің жырлану ерекшелігі.....	221
Кенжебекова М. Қытай мәдениетіндегі гүл символикасы (Пион гүлі бейнесі мысалында)	225
Арипова А.Б., Ақын Б.Қ. Корей мәдениетіндегі ұлттық идеялогияның көріністері: ұлттық ойындарының негізінде.....	229
Құсманова А., Мадиев Д. Қытай драматургы – Тан Сяньцзу шығармашылығындағы өмір мен өлім концепциясы	235
Қасымова Д.А., Балакаева Л.Т., Сауданбекова Ш.Т. Культурный брендинг как инструмент мягкой власти Японии	241
Бейіл Е.С., Сауданбекова Ш.Т. Қазақ және жапон ауызекі тіліндегі дәстүрлі мәдениет көрінісі.....	247
Урумова Т.Б. Қазіргі заманғы ағылшын тілді үнді авторларының мәдени бірегейлік мәселелері.....	253
Шадкам З., Малиева Н.А. Түрік салт-дәстүрінде кәде-сый рәсімдерінің ерекшеліктері.....	258
Мұстафаұлы С., Меделова Ә.А. Қытайдағы қазақтар тіліндегі қытай кірме сөздерінің құрылымдық сипаты	264
Мұратбекова Ж.Е., Қортабаева Г.Қ. Қытайдың дәстүрлі шамдарындағы жұмбақтардың юморлық сипаты	272
Orazakynkyzy F., Peng Danling. The development dilemma of Chinese literature in the new media environment	276
Рабилова А.С., Сауданбекова Ш.Т. Жаһандану дәуіріндегі Кореяның әлеуметтік-мәдени жағдайы	282
Серікқазы А.С., Досымбекова Р.О. Общие проблемы казахского языка в юрлингвистике	287
Ламанова К.А., Беялова А.Е. «Мягкая сила» Кореи как способ популяризации корейского языка и культуры в Казахстане.....	292
Су Цзяин, Сапарбаева Н.Б. Особенности перевода русских дипломатических текстов на китайский язык.....	298
Торехан А.А. Қытайдың дәстүрлі мәдениеті қытайлық корпоративтік мәдениеттің рухани-идеологиялық негізі ретінде	305
Шайхығали Т.А., Амирбекова У.А. И Саңның «Қанаттар» повесіндегі өмір философиясы	311

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН САЯСАТЫ ИСТОРИЯ И ПОЛИТИКА СТРАН ВОСТОКА

Керімбаев Е.Ә. Қытайдың «Жұмсақ күш» саясатының ерекшелігі және басты бағыттары	316
Құлназарова Г.С., Сартаева Қ.С. Түркия ташкентінің тарихы	326
Tokkarina A.M. Educational migration from Kazakhstan to Japan	331
Нуреттин Чакыр. Влияние Чокана Валиханова на мыслительную систему Фёдора Достоевского	342
Мейрбаев Б.Б., Жамашев А.Ш., Көпбаева Р.З. Ислам қаржысындағы бағалы қағаздар, Сукук әлемі.....	348
Kairanbayev N.S. Soft power of the UAE	359
Молдабек Е., Сүлейменов П. Мемлекеттік басқару ісі жөнінде Әл-Фарабидің теориялық көзқарастары	363
Болатбек А., Мұқаметханұлы Н. Китайские прямые инвестиции в Казахстане: возможности и риски	370
Күлес А.А. Қазақстан мен Қытайдың банкаралық қатынасы.....	377
Оспанов Н.М. БҰҰ-дағы 1945-1948 жылдардағы Корей мәселесі.....	384
Пищалин В.А., Ашинова Ж.Е. Необуддийские организации Японии: история и перспективы.....	390
Сеитов Р. М. Социокультурные особенности японской демократии	396
Түлебаева А.Т., Беялова А.Е. Корея Республикасының жұмсақ күшінің Қазақстан жастарына әсері	400

**ҚАЗАҚСТАН ИСЛАМ ӘЛЕМІ: ТАРИХИ, МӘДЕНИ,
РУХАНИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ
КАЗАХСТАН И ИСЛАМСКИЙ МИР: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ
ИСТОРИЧЕСКИХ, КУЛЬТУРНЫХ, ДУХОВНЫХ СВЯЗЕЙ**

<i>Түлебаева С.А.</i> Казахстан и исламский мир: новые реалии и перспективы сотрудничества.....	409
<i>Сабер Эль-Сайед Машалы</i> «Қазақстан және ислам әлемі: мәдени байланыстардың шындығы және олардың болашағы (Мысал ретінде Құран Кәрімнің мағыналарын аудару)»	414
<i>Jamashev A.Sh., Kurmanaliyeva K.A., Toygazhinov A.A.</i> «Semantic features and phenomena of the concept of extremism, radicalism and terrorism»	423
<i>Құрманалиева А. Д., Қожа Тоқтияр</i> «Суффа сахабаларының Құран жаттау әдіс-тәсілдері»	432
<i>Бегалинова К.К., Таласбаев Е.Т.</i> «Жаһандану жағдайындағы ислами білімнің орны»	438
<i>Бегалинова К. К., Назаров А. Б.</i> «Құрандағы отбасы құрылымы»	443
<i>Аманкул Т.О.</i> «Последствия атеистической политики против религии Ислам в советском Казахстане в 1920-1930 годы»	451
<i>Шоқай Е.</i> «Тәжуид ғылымы– арабтану саласының лингвистикалық әрі тарихи дерек-дәйектік бөлігі» («Көрнекі тәжуид» кітабына жасалған қазақша аударма негізінде).....	455
<i>Лифанов С. А.</i> Ислам и «Digital religion»: мировой и казахстанский опыт.....	462
<i>Оралқұл Ә.С.</i> «Әлемдік діндердегі бала тәрбиесі».....	470
<i>Шайкенова Р.С.</i> «Исламға дейінгі қоғамдардағы әйелдің әлеуметтік бейнесі»	480
<i>Шайкенова Р.С.</i> «Тәпсір мен оның түрлері және шарттары»	487

**ШЫҒЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ТҰРАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ТУРАНА В ВОСТОЧНЫХ ИСТОЧНИКАХ**

<i>Көмеков Б.Е.</i> «Ортағасырлық араб географиялық карталары Қазақстан тарихының дереккөзі ретінде».....	493
<i>Керім Ш.</i> Ғұлама Мұбашшир-хан ат Тарази қос төңкеріс тұсында. Саяси күрес жолында	499
<i>Қамбарбекова Ғ. Ә.</i> «Мир Әбдул Карим Бұхаридың «Орта Азия тарихы» кітабындағы қазақтарға қатысты деректер»	505
<i>Құрманәлі А. А., Бимаханбет Н.</i> «Ахмет Ясауи мен Жүніс Әміре шығармашылығындағы рухани құндылықтар».....	511
<i>Кайранбаева Н. Н., Шадкам Зубайда</i> «Қисса-и Джанкнаме Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасындағы араб және парсы қос сөздерінің қолданысы»	517
<i>Сүйерқұл Б. М., Дүйсен Г. Е.</i> «Орта ғасыр ғұламалары шығармаларындағы рухани үндестік».....	522
<i>Бүркітбаева Ш.Д.</i> «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана хикар сөзіндегі» дәстүрлі сөз (мақал-мәтелдер) қолданысының қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі».....	528
<i>Конкабаева Н. Н.</i> «Ат-тухфатуз Закийя Фил Луғатит Туркийя» қолжазбасындағы соматизмдердің түркі тілдеріндегі қолданыстарына байланысты салыстырмалы-салғастырмалы талдау»	531
<i>Чокатова А.М., Батырхан Б.Ш.</i> «Фердоусидің «Шахнамасының» ирандық ұлттық болмысты жаңғыртудағы рөлі».....	538
<i>Канафьева Ш.Е.</i> Пәкістан мемлекетіндегі Пуштун этносының қалыптасуы және мәдениеті.....	542

**АКАДЕМИК ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІНІҢ
75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ШЫҒЫСТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
2 желтоқсан 2022 жыл**

**MATERIALS
of international scientific and
theoretical conference
«ISSUES OF ORIENTAL STUDIES
and SPIRITUALITY»
75th ANNIVERSARY OF ACADEMICIAN
ABSATTAR DERBISALI
December 2, 2022**

Компьютерная верстка *У. Молдашевой*
Дизайн обложки *А. Айымбетов*

ИБ №14829

Подписано в печать 28.11.2022. Формат 60x84 ¹/₁₆.
Печать цифровая. Объем 44,8 п.л. Тираж 50 экз. Заказ №16842.
Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета им. аль-Фараби.
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательского дома «Қазақ университеті».